

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университета

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 3 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/LBWF7904>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Дугалова Г. Н.	<i>д.э.н., профессор</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Сапенова Ж. К.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/OVPJ5875>

**А. А. Азимхан¹, А. А. Тапалова², А. Р. Сейтжапарова³,
*Б. М. Шукурова⁴, Р. Ә. Есберген⁵**

¹Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қазақстан Республикасы, Орал қ.;

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁴Бөйішев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.;

⁵Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалы, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4397-3561>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7592-5361>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6026-8314>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0064-8360>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4089-1744>

*e-mail: shukurova@inbox.ru

ҰЙЫМНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ: ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада ұйымның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылып, Ақтөбе халықаралық әуежайының қызметі мысалында талдау жүргізілді. Зерттеу барысында кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы, инфрақұрылымдық жағдайы, кадрлық әлеуеті және сыртқы қауіптерге бейімділігі сарапталды. Сонымен қатар, ұйымның экономикалық қауіпсіздігіне әсер ететін негізгі факторлар анықталып, SWOT-талдау арқылы оның әлсіз және күшті жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері жүйеленді. Авторлар экономикалық қауіпсіздікті нығайту мақсатында нақты ұсыныстар әзірледі. Атап айтқанда, табыс көздерін әртараптандыру, цифрлық технологияларды енгізу, кадрлық саясатты жетілдіру және тәуекелдерді басқару жүйесін

күшейту жолдары ұсынылды.. Зерттеу объектісі ретінде Ақтөбе облысындағы «Әлия Молдағұлова халықаралық аэропорты» акционерлік қоғамы қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде Ақтөбе халықаралық әуежайының экономикалық қауіпсіздік деңгейі орташа деп бағаланды. Қаржылық тұрақтылық белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етілгенімен, табыс құрылымының жолаушылар ағынына тәуелділігі ұйымды сыртқы экономикалық әсерлерге осал етеді. Инфрақұрылымның бір бөлігі жаңартылғанымен, техникалық құрал-жабдықтардың ескіруі операциялық тәуекелдерді арттырады. Сонымен қатар, жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі мен кадр тұрақсыздығы кадрлық қауіпсіздіктің әлсіз тұсы ретінде анықталды. Зерттеу барысында ақпараттық технологиялардың жеткіліксіздігі мен цифрлық жүйелердің толық енгізілмеуі де қауіп факторлары ретінде белгіленді. Нәтижесінде, табысты әртараптандыру, цифрландыруды жеделдету, кадрлық саясатты күшейту және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру сияқты нақты шаралар ұсынылды.

Кілтті сөздер: экономикалық қауіпсіздік, қаржылық тұрақтылық, инфрақұрылым, тәуекелдерді басқару, кадрлық ресурстар, цифрландыру, SWOT-талдау.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану және нарықтық қатынастардың үдемелі дамуы жағдайында ұйымдардың тұрақты және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету – өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ұйым қызметінің тиімділігі тек ішкі басқару процестеріне ғана емес, сонымен қатар сыртқы экономикалық, саяси және әлеуметтік факторларға да тәуелді [1].

Ұйымдағы экономикалық қауіпсіздік деңгейі менеджерлерді тиімді басқаруға, мамандардың жоғары білікті жұмысына және олардың ықтимал қауіптерден аулақ болу, оларды алдын-ала анықтау және айқындау, ұйымның ішкі және сыртқы ортасына әсер ететін салдарын жою қабілетіне тікелей байланысты. Ұйымның экономикалық қауіпсіздігі саласында теңдестірілген негізделген саясатты жүргізу экономикалық жүйені трансформациялаудың қазіргі кезеңіндегі өзекті міндет болып табылады [2].

Компанияның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі стратегиялық және кешенді сипатқа ие, сондықтан кәсіпорында өмірлік маңызды мүдделердің ықтимал қауіптерден қорғалуы туралы нақты белгіленген көзқарас жүйесі болуы керек [3].

Ол үшін шаруашылық жүргізуші субъектінің экономикалық мүдделеріне төнетін қауіп-қатерлерге қарсы тұруға бағытталған базалық ережелерді қамтитын фирманың экономикалық қауіпсіздігі тұжырымдамасы әзірленеді.

Материалдар мен әдістері

Бұл зерттеу жұмысы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне кешенді талдауға бағытталған. Зерттеу барысында теориялық талдау әдісі – экономикалық қауіпсіздік ұғымының мәнін ашу, жүйелік тәсіл – экономикалық қауіпсіздік өзара байланысты элементтерді ішкі ресурстар, сыртқы орта, басқару шешімдері және қауіп-қатерлерге қарсы әрекет ету шараларын қамтитын кешенді жүйе ретінде қарастырылады [4].

Материалдар ретінде ұйымның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты теориялық және практикалық материалдар пайдаланылды. Негізгі ақпарат көзі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, экономикалық қауіпсіздік бойынша ресми статистикалық деректер, заңнамалық актілер мен әдістемелік нұсқаулықтар қолданылды [5]. SWOT-талдауда ұйымның ішкі және сыртқы ортасын бағалау қауіпсіздік деңгейіне әсер ететін факторлар жүйеленді.

Нәтижелер мен талқылау

Экономикалық қауіпсіздік – бұл кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы ғана емес, сонымен қатар оның қоршаған ортаның өзгеруіне бейімделу, тәуекелдерді азайту және ұзақ мерзімді перспективада тұрақтылықты сақтау қабілеті. Көлік инфрақұрылымына, әсіресе халықаралық әуежайларға келетін болсақ, экономикалық қауіпсіздік мемлекет, бизнес және қоғамның мүдделеріне әсер ететіндіктен ерекше маңызға ие болады [6].

Ақтөбе әуежайы халықаралық әуежай мәртебесіне ие Қазақстан Республикасының әуежайларының бірі болып табылады. Ақтөбе әуежайы аумақтық және географиялық жағынан Батыс Еуропаны Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азиямен байланыстыратын ірі халықаралық аэронавигациялық трассалардың қиылысында орналасқан және Батыс Қазақстанның көлік инфрақұрылымының бөлігі болып табылады. Әуежай ел ішінде де, жақын және алыс шетелдерде де қалаларды байланыстыратын маршруттарда әуе кемелерінің барлық дерлік түрлерін қабылдауды және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Аэропорттың 2024 жылы жолаушылар ағыны 985 000 адамды құрады, бұл Қазақстан әуежайлары арасында 5-ші орын алады. «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ 100 % Ақтөбе облысының қаржы басқармасына тиесілі.

Әуежай кірісі екі көзден алынады:

– әуе қатынасымен тікелей байланысты кірістер шамамен 56 % құрайды (қону ақысы–21 %, жолаушыларды тіркеу–20 %, жолаушылар мен багажға қызмет көрсету – 13 %, ұшақтарды тұраққа қою – 1 %);

– әуе тасымалымен тікелей байланысы жоқ кірістер шамамен 44 % құрайды (концессиялар – 16 %, жалдау – 8 %, басқа табыс көздері – 20 %).

«Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ өндірістік қызметі үш негізгі көрсеткіш бойынша сипатталады:

1 Қызмет көрсетілген ұшақ-ұшулар саны;

2 Ұшу-қонуды қамтамасыз ету;

3 Жөнелтілген жолаушылар саны.

2024 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша кірістер:

– коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, ҚР әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемелерінің ұшуын және қонуын қамтамасыз ету–250 338, 9 мың теңге;

– коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, ҚР әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемелерінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету–100 024,0 мың теңге;

2024 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша қызметтер бойынша шығыстар:

– коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, ҚР әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемелерінің ұшуын және қонуын қамтамасыз ету–212 004,2 мың теңге;

– коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, ҚР әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемелерінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету–84 701,2 мың теңге.

Қаржылық нәтиже:

– коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, ҚР әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет

көрсетуді қоспағанда, әуе кемелерінің ұшуын және қонуын қамтамасыз ету–38 334,7 мың тенге;

– коммерциялық емес мақсаттарда және халықаралық бағыттар бойынша ҚР әуежайларында техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, ҚР әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуларды жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемелерінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету–15 322,8 мың тенге.

1-кесте – «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ негізгі көрсеткіштері [7]

Көрсеткіш	1-жж, 2023 ж. нақты	1-жж, 2024 ж. нақты	2023 ж. нақтыға орындалу %
Қызмет көрсетілген ұшақ-ұшулар саны, рейстер	2 011	2127	106,26
Жүктер мен пошта өңделді, тонна	5 711	5 700	99,8
Жолаушыларға қызмет көрсету, адам	422 285	462 517	109,52
Әуе кемесінің ұшу және қонуын қамтамасыз ету, максималды ұшу массасы тонна	133 682	109 121	81,62
Әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, максималды ұшу массасы тонна	133 682	109 121	81,62
Аэропорттың аэродромы базасында әуе кемесінің тұрақ орнын ұсыну, тәулігіне максималды ұшу массасы тонна	4 160	4 160	100
Электр энергиясын беру және бөлу, мың кВт\сағ	1 003,89	1 003,89	100
Ескерту: деректер негізінде авторлар құрастырған			

Авиациялық қызметтер маусымдық сипатта болады: навигацияның көктем-жаз кезеңінде әуе кемелерінің рейстерінің саны артады. Авиация қызметінің маусымдық сипаты әуежайдың ағымдағы қаржылық нәтижесі мен жағдайына әсер етеді.

Кесте мәліметтеріне сәйкес Ақтөбе халықаралық әуежайының негізгі қызметі – жолаушылар мен жүк тасымалын ұйымдастыру, әуе кемелерін қабылдау және техникалық қызмет көрсету екенін байқауға болады. Соңғы жылдары әуежай инфрақұрылымының бірқатар бөліктері жаңартылып, ұшу-қону жолағы реконструкция жүргізілді, бұл әуежайдың өткізу қабілетін арттырды. Дегенмен, әуе қозғалысын басқару жүйелері мен жерүсті қызмет көрсету техникасының бір бөлігі әлі де жаңартуды қажет етеді. Жолаушылар

ағынының маусымдық ауытқуы мен жүк тасымалы көлемінің шектеулілігі табыс құрылымының тұрақтылығына теріс әсер етеді.

Фирманың экономикалық қауіпсіздігінің мақсаты – қазіргі уақытта тұрақты және тиімді әрекет етуді қамтамасыз ету және болашақта бизнестің өсуі мен дамуы үшін жағдай жасау. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету персоналдың қауіпсіздігін, материалдық, қаржылық, ақпараттық ресурстарды, барлық қолжетімді заңды құралдармен ықтимал қауіптерден қорғауды қамтамасыз етудің кешенділігі негізінде жүзеге асырылуға тиіс [8].

Ұйымның экономикалық қауіпсіздігін нашарлататын факторларға өнімнің (қызметтің) және жалпы ұйымның бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі, қаржылық жағдайдың тұрақсыздығы, кадр тұрақсыздығы, нарықтық және сыртқы тәуекелдер жатады [9].

Аэропорттың экономикалық қауіпсіздігі оның қаржылық ресурстарын тиімді басқару, кіріс пен шығындардың тепе-теңдігін сақтау, тәуекелдерді алдын алу және ішкі әрі сыртқы экономикалық факторларға төтеп беру қабілетін білдіреді. «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ-ның өзекті қауіпсіздік көрсеткіштері ретінде қаржылық-экономикалық тұрақтылығы жатады. Кестеден ұшу рейстері мен жолаушылар қызметі санының артуын байқауға болады. Екінші құраушы инфрақұрылымдық әлеуеті болып табылады. Аэропорт басшылығы соңғы 5 жылда халықаралық талаптарға сәйкес терминалды, қойма аймақтарын, бажсыз сауда аймақтарын, отын-энергетикалық кешенді және басқа да объектілерді жаңғыртты. Ақтөбе жүк терминалы мен логистикалық хаб ретінде даму бағытын айқындады. Дегенмен құралдардың тозуы мен техника жетіспеу мәселесі де бар.

Кадрлық қауіпсіздік білікті мамандардың жетіспеуі, кадр ағымдығы сияқты сұрақтармен байланысты. Нарықтық және сыртқы факторларға төтеп беру қабілеті экономикалық дағдарыстар, бәсекелестік, геосаяси және экологиялық қауіптерге қарсы бейімделуімен, қаржылық қамтамасыз етілуімен мүмкін болады. Заңнамалық және нормативтік қамтамасыз ету құқықтық талаптар мен авиациялық стандарттарға сәйкестікпен анықталады [10].

2-кесте – «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ-ның экономикалық қауіпсіздігіне SWOT-талдау [7].

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Тиімді географиялық орналасу	Қатаң тарифтік саясатты реттеу
Дамыған инфрақұрылымның болуы	Отын импортына тәуелділік
Жолаушылар трафигінің өсімі	Қорлар мен арнайы техникалардың тозуы
Цифрлық технологиялар (CUTE, EFreight) енгізу	Білікті кадрлардың жетіспеуі

Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
Жүк сегментін кеңейту және логистикалық хаб құру	Макроэкономикалық тәуекелдерге ұшырау
Инфрақұрылымды жаңғырту үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті механизмін енгізу	Транзиттік бәсеке қаупі
Авиатасымалдауға төлем қабілетті сұраныстың артуы	Қауіпсіздік мәселесі, халықаралық авиация ұйымы талаптарының күшеюі
Ескерту: деректер негізінде авторлар құрастырған	

SWOT-талдау нәтижесінде Ақтөбе халықаралық әуежайының бірқатар күшті жақтары анықталды, оның ішінде географиялық жағынан тиімді орналасуы, өңірлік маңызы бар стратегиялық инфрақұрылымға ие болуы және мемлекет тарапынан қолдаудың болуы атап өтіледі. Сонымен қатар, әуежайдың әлсіз жақтары ретінде табыс құрылымының шектеулілігі, техникалық құрал-жабдықтардың тозуы, цифрландыру деңгейінің төмендігі және білікті кадрлардың тапшылығы анықталды. Зерттеу барысында мүмкіндіктер ретінде жүк тасымалы мен логистикалық қызметтерді дамыту, цифрлық технологияларды енгізу, халықаралық серіктестік орнату, сондай-ақ қызмет көрсету сапасын жақсарту арқылы қосымша табыс көздерін қалыптастыру айқындалды. Ал сыртқы қауіптерге жанар-жағармай бағасының тұрақсыздығы, валюта бағамының ауытқуы, геосаяси жағдайлар мен бәсекелес әуежайлардың белсенділігі жатқызылды.

«Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ-на SWOT-талдау жүргізу нәтижесінде ұйымның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұсынылады:

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік арқылы инвестициялар тарту және логистикалық хабты дамыту, бұл кірістерді әртараптандыруға және тұрақтылықты арттыруға мүмкіндік береді. Ұшу-қону жолақтарын, арнайы техника мен терминалдық алаңдарды жаңарту, логистика, цифрлық технологиялар, киберқауіпсіздік саласындағы мамандарды даярлау және қайта даярлау, операцияларды цифрландыру, т.б. ұсынылады.

Қорытынды

Ақтөбе әуежайының экономикалық қауіпсіздігі кәсіпорынның да, тұтастай алғанда өңірдің көлік инфрақұрылымының да орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады. Жүргізілген талдау кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығына сыртқы (бәсекелестік, тарифтердің өзгеруі, жолаушылар ағынының ауытқуы) және ішкі факторлар (басқару тиімділігі, цифрландыру деңгейі, персоналдың біліктілігі) әсер ететіндігін көрсетті.

Әуежайдың экономикалық қауіпсіздігі – бұл инфрақұрылымдық, қаржылық, ресурстық және кадрлық тұрақтылықты сақтай отырып, сыртқы және ішкі қауіптерге қарамастан тұрақты, тиімді және тәуелсіз жұмыс жасау қабілеті. Ақтөбе аэропорты ұйымының экономикалық қауіпсіздігін орташа деп бағалай отырып, оны қамтамасыз ету үшін ұсынылады:

Қосымша бағыттар дамыту – карго, аэроқызметтер, аренда, бизнес-авиация, логистика;

– Икемді тарифтік саясат енгізу;

– Цифрландыруды енгізу – eGate, CRM, ERP жүйелерін енгізу;

– Инвестиция тарту – құрал-жабдықтар мен техниканы, жерүсті паркін жаңарту;

Кадр саясатын жетілдіру – оқыту, біліктілігін арттыру, өзекті мамандарды ұстап тұру бағдарламасы, жоғары оқу орындарымен серіктестік орнату.

«Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ-ның орнықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігі сыртқы ортаның сын-қатерлеріне уақытылы ден қоюға және кәсіпорынның ішкі тұрақтылығын арттыруға тікелей байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Кормишкина, Л. А.** Экономическая безопасность организации: Учебное пособие / Л. А. Кормишкина, Е. Д. Кормишкин, И. Е. Илякова. – М. : Риор, 2018 – 208 с.

2 **Кутукова, Е. С.** Экономическая безопасность в призме современных экономических процессов / Е. С. Кутукова. – М. : Русайнс, 2017 – 352 с.

3 **Попов, М. В.** Экономическая безопасность: Учебное пособие / М. В. Попов, М. А. Каткова, Н. В. Манохина, Л. Мамаева. М. : Инфра-М, 2018 – 576 с.

4 **Сатыбалдин, А. А.** Стратегия экономической безопасности и социальной стабильности Казахстана: коллективная монография / Под ред. академика НАН РК А. А. Сатыбалдина. – Алматы. Институт экономики КН МОН РК. – 2019 – 740 с.

5 **Доронина, А. Ю.** Анализ методов оценки рисков экономической безопасности аэропорта // Учет, анализ и аудит: проблемы теории и практики. – 2022. – № 28. – С. 74–79.

6 **Гаджиев, В. Л.** Методы управления ресурсами в авиации: необходимость и практическое применение // Научный аспект. – 2024. – Т. 23, – № 5. – С. 3159–3167.

7 «Әлия Молдағұлова халықаралық әуежайы» АҚ ресми сайтынан мәліметтер – [Электронды ресурс]. – URL: <https://akx.kz> (Қарау күні: 20.05.2025 ж.)

8 **Доронина, А. Ю.** Характеристика деятельности аэропорта и особенности формирования доходов // Учет, анализ и аудит: проблемы теории и практики. 2020. – № 25. С. 36–42.

9 **Scott, M. A.** The Air Transportation Industry: Economic Conflict and Competition // Transportation Journal. – 2022. – Vol. 61, No. 3. – P. 305–314. – DOI [10.5325/transportationj.61.3.0305](https://doi.org/10.5325/transportationj.61.3.0305).

10 **Ma, Zh.** A Big Data-Driven Risk Assessment Method Using Machine Learning for Supply Chains in Airport Economic Promotion Areas / Zh. Ma, X. Yang, R. Miao // Journal of Circuits, Systems, and Computers. – 2023. – Vol. 32, No. 10. – <https://doi.org/10.1142/s0218126623501700>.

REFERENCES

1 **Kormishkina, L. A.** Ekonomicheskaya bezopasnost' organizacii : Uchebnoe posobie [Economic security of the organization]: textbook] /L. A. Kormishkina, E. D. Kormishkin, I. E. Ilyakova. – Moscow : Rior, 2018. – 208 p.

2 **Kutukova, E. S.** Ekonomicheskaya bezopasnost' v prizme sovremennykh ekonomicheskikh processov [Economic security in the context of modern economic processes] / E. S. Kutukova. – Moscow : Rusajns, 2017. – 352 p.

3 **Popov, M. V.** Ekonomicheskaya bezopasnost' [Economic security]. : textbook] // M. V. Popov, M. A. Katkova, N. V. Manohina, L. Mamaeva. M. : Infra-M, 2018 – 576 p.

4 **Satybaldin, A. A.** Strategiya ekonomicheskoy bezopasnosti i social'noj stabil'nosti Kazakhstana: kollektivnaya monografiya [The strategy of economic security and social stability of Kazakhstan: a collective monograph] / Pod red. akademika NAN RK A. A. Satybaldina. – Almaty. Institut ekonomiki KN MON RK, – 2019 – 740 p.

5 **Doronina, A. Yu.** Analiz metodov ocenki riskov ekonomicheskoy bezopasnosti aeroporta [Analysis of methods for assessing airport economic security risks] // Uchet, analiz i audit: problemy teorii i praktiki. – 2022. – № 28. – P. 74–79.

6 **Gadzhiev, V. L.** Metody upravleniya resursami v aviatsii: neobходимость i prakticheskoe primenenie [Resource management methods in aviation: necessity and practical application]// Nauchnyj aspekt. – 2024. – Vol. 23, № 5. – P. 3159–3167

7 Əliya Moldağylova halýkaralyq əwəzhajy Aǵ resmi sajtynan məlimetter [Information from the official website of Aliya Moldagulova International Airport JSC]– [Электронды ресурс]. – URL: <https://akx.kz>. (Qarau kúni: 20.05.2025)

8 **Doronina, A. Yu.** Harakteristika deyatel'nosti aeroporta i osobennosti formirovaniya dohodov [Characteristics of airport activities and income generation features]// Uchet, analiz i audit: problemy teorii i praktiki. – 2020. – № 25. P. 36–42.

9 **Scott, M. A.** The Air Transportation Industry: Economic Conflict and Competition // Transportation Journal. – 2022. – Vol. 61, – No. 3. – P. 305–314. – DOI [10.5325/transportationj.61.3.0305](https://doi.org/10.5325/transportationj.61.3.0305).

10 **Ma, Zh.** A Big Data-Driven Risk Assessment Method Using Machine Learning for Supply Chains in Airport Economic Promotion Areas / Zh. Ma, X. Yang, R. Miao // Journal of Circuits, Systems, and Computers. – 2023. – Vol. 32, – No. 10. – <https://doi.org/10.1142/s0218126623501700>.

30.07.25 ж. баспаға түсті.

31.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

19.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

А. А. Азимхан¹, А. А. Тапалова², А. Р. Сейтжапарова³,

**Б. М. Шукурова⁴, Р. А. Есберген⁵*

¹Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

²Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Республика Казахстан, г. Уральск.;

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы.;

⁴Баишев университет, Республика Казахстан, г. Актөбе.;

⁵Филиал Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Актюбинской области, Республика Казахстан, г. Актөбе.

Поступило в редакцию 30.07. 25

Поступило с исправлениями 31.07.25

Принято в печать 26.05.25

ПРОБЛЕМА ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ: АНАЛИЗ И ПУТИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ

В данной статье рассмотрены вопросы обеспечения экономической безопасности организации и проведен анализ на примере деятельности международного аэропорта Актөбе. В ходе

исследования были проанализированы финансовая устойчивость предприятия, инфраструктурное состояние, кадровый потенциал и подверженность внешним угрозам. Кроме того, были выявлены основные факторы, влияющие на экономическую безопасность организации, и посредством SWOT-анализа систематизированы ее слабые и сильные стороны, возможности и угрозы. Авторы разработали конкретные рекомендации с целью укрепления экономической безопасности. В частности, были предложены пути диверсификации источников доходов, внедрения цифровых технологий, совершенствования кадровой политики и усиления системы управления рисками. Объектом исследования является акционерное общество «Международный аэропорт Алии Молдагуловой» Актюбинской области. В результате исследования уровень экономической безопасности международного аэропорта Актобе был оценен как средний. Финансовая стабильность в некоторой степени обеспечивается, но зависимость структуры доходов от пассажиропотока делает организацию уязвимой от внешнеэкономических воздействий. Часть инфраструктуры была модернизирована, устаревание технического оборудования увеличивает операционные риски. Кроме того, нехватка высококвалифицированных специалистов и текучесть кадров были определены как слабые места в кадровой безопасности. В ходе исследования недостаточные информационные технологии и неполное внедрение цифровых систем также были отмечены как факторы риска. В результате были предложены конкретные меры, такие как диверсификация доходов, ускорение цифровизации, усиление кадровой политики и совершенствование системы управления рисками.

Ключевые слова: экономическая безопасность, финансовая стабильность, инфраструктура, управление рисками, кадровые ресурсы, цифровизация, SWOT-анализ.

A. A. Azimkhan¹, A. A. Tapalova², A. R. Seitzhaparova³,

*B. M. Shukurova⁴, R. A. Yesbergen⁵

¹Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar.;

²Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian Technical University, Republic of Kazakhstan, Uralsk.;

³Kazakh National University named after al-Farabi, Republic of Kazakhstan, Almaty.;

⁴Baishev University, Republic of Kazakhstan, Aktobe.;

⁵Branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan in Aktobe region, Republic of Kazakhstan, Aktobe; Received 30.07.25.

Received in revised form 31.07.25.

Accepted for publication 19.08.25.

THE PROBLEM OF ECONOMIC SECURITY OF THE ORGANIZATION: WAYS TO ANALYZE AND ENSURE

This article examines the issues of ensuring the economic security of the organization and analyzes the example of the activities of Aktobe International Airport. The study analyzed the financial stability of the enterprise, the infrastructural condition, human resources and exposure to external threats. In addition, the main factors affecting the economic security of the organization were identified, and through SWOT analysis, its weaknesses and strengths, opportunities and threats were systematized. The authors have developed specific recommendations to strengthen economic security. In particular, ways of diversifying income sources, introducing digital technologies, improving personnel policy and strengthening the risk management system were proposed. The object of the study is the joint-stock company «Aliya Moldagulova International Airport» of Aktobe region. As a result of the study, the economic security level of Aktobe International Airport was assessed as average. Financial stability is ensured to some extent, but the dependence of the revenue structure on passenger traffic makes the organization vulnerable to external economic influences. Part of the infrastructure has been upgraded, and the obsolescence of technical equipment increases operational risks. In addition, the shortage of highly qualified specialists and staff turnover were identified as weaknesses in personnel security. In the course of the study, insufficient information technology and incomplete implementation of digital systems were also identified as risk factors. As a result, specific measures were proposed, such as income diversification, accelerating digitalization, strengthening personnel policy and improving the risk management system.

Keywords: economic security, financial stability, infrastructure, risk management, human resources, digitalization, SWOT analysis.

Теруге 19.09.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

34,01 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4475

Сдано в набор 19.09.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

34,01 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4475

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz